

# БЕЙБІТ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН САНА

Халықаралық конференциясының материалдары



Біріккен Ұлттар Ұйымының  
Бас хатшысы  
**Антониу Гутерриш**

Бүкіл әлемдегі қымбатты достарым!

Біріккен Ұлттар Ұйымының жетпіс бес жылдық мерейтойы жаһандық пандемиямен қат-қабат келіп отыр. Біздің негізгі міндетіміздің маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті.

Адамның адамгершілігін құрметтеу.

Адам құқығын қорғау.

Халықаралық құқық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Адамзатты соғыс өртінен сақтау.

Пандемия басталған мезеттен бастап мен атысты тоқтатуды талап еттім.

Қазіргі жағдайдағы біздің ортақ жауымыз бар, ол —COVID-19.

Бейбітшілікке қол жеткізу үшін жаһандық деңгейдегі атысты тоқтатуға біріге күш салатын кез келді. Уақыт ұстатпайды, тездетпесек болмас.

Сондай-ақ, біз өз ғаламшарымызбен де бейбітшілік орнатуымыз керек.

Климаттық аухал біздің өмірімізге қауіп төндіріп тұр.

2050 жылға дейін көміртек бейтараптылығына қол жеткізуіміз үшін біз бүкіл әлемді жұмылдыруымыз керек.

Көптеген елдер және компаниялар осы мақсатқа жету үшін өз мойындарына біршама міндеттер алып отыр.

Біз әлем бойынша адамдардың жоқшылықтан, ашаршылықтан зардап шегуіне жол бермеуіміз керек, теңсіздікті болдырмауымыз керек, нәсілге, дінге, жынысқа бөліп кемсітетіндермен күресуіміз керек. Пандемия басталғалы бері әйелдер мен қыз балаларға қысым жасау, зомбылық көрсету деңгейі күрт артып, адам шошырлық жағдайға жетті.

Біз қол жеткізген жетістіктерімізді одан әрі дамыта түсуіміз керек. Біз COVID-19 вакцинасының қауіпсіз, қолжетімді, қымбат емес түрін дайындауда жұмылған жұдырықтай бірлесе жұмыс істеліп жатқанын байқап отырмыз.

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар – біздің болашағымызға бағыт берер, қуат берер бағдарлар.

Біз өте ауыр қиындықтармен бетпе-бет келуіміз мүмкін. Ондай жағдайда ынтымақтастық пен бірлік ғана бізді қиындықтардан алып шыға алады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәні де осында.

Бұл мерейтойда мен барлық адамның бірлікте болуын өтінер едім.

Біріккен Ұлттар Ұйымы сіздерді қолдап қана қоймайды...

Біріккен Ұлттар Ұйымы сіздерге тиесілі, Біріккен Ұлттар Ұйымы — ол сіздер: «біз, халық».

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының өзгермейтін құндылықтарын бәріміз бірлесе қорғайтын болайық.

Көптеген жылдар бойы қол жеткізген жетістіктерімізді дамыта түсейік.

«Барлығы үшін жақсы әлем» деген біздің ортақ концепциямызды өміріміздің өзегіне айналдырайық.

Назарларыңызға рахмет!



Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрінің орынбасары  
**Ашиқбаев Ержан**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі атынан «Бейбіт өмірге арналған сана» жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясына қатысушыларды қошеметтеуге рұқсат етіңіздер!

Бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және де БҰҰ Өркениеттер Альянсының, басқа да халықаралық ұйымдардың ұйымдастыруымен өткізіліп отырған шарада сөз сөйлеу мен үшін үлкен мәртебе.

Биыл біз Әл-Фарабидің 1150-жылдығы мен Абайдың 175-жылдығын атап өтудеміз. Бұл оқиғалар биылғы жылғы БҰҰ-ның 75-жылдығымен тұспа-тұс келіп тұр.

Ұлы ойшылдар Абай мен Әл-Фарабидің ұлағатты мұраларын зерделей келе, олардың ізгі идеяларының түпкі негізі елдің бірлігі мен ынтымағымен үндесетінін тағы да дәлелдеп отырғанын атап өтті. Абай өзінің «толық адам» тұжырымын мұра етсе, Әл-Фараби «бақытқа жету жолында бір-біріне қол ұшын беретін қоғам – қайырымды қоғам» деген өсиетін қалдырды, онда адамның негізгі құқықтары басымдыққа ие. Абай мен Әл-Фараби қалдырған әділеттілік пен қайырымдылықтың өнегелік мұраттары Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты осы заманғы тұжырымдамасымен үйлеседі.

Еліміздің бай мәдени және тарихи мұрасын сақтау міндеті Сыртқы істер министрлігінің жұмысында басым орындардың бірін алады.

19 қазанда ЮНЕСКО қолдауымен Әл-Фараби мұрасына арналған "Жібек жолы бойындағы өркениеттер үндестігі" халықаралық конференциясы осы бағытқа баса назар аударуға шақырды, оның қорытындылары оң резонансқа ие болды.

Бұған дейін, үстіміздегі жылдың 15 қазанында Орталық Азия мен Ресейдің Сыртқы істер министрлері ынтымақтастықтың стратегиялық бағыттары туралы мәлімдеме жасап, БҰҰ жариялаған Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы шеңберінде мәдениеттердің алуан түрлілігін сақтау және көтермелеу, өңірдің мәдени және этнографиялық мұрасын зерттеу және қорғау саласында ынтымақтастық, өзара қолдау көрсету бойынша бірлесуді күш-жігермен жалғастыруға уағдаласты.

Халықаралық қатынастарды дамытудың қазіргі кезеңінің басым міндеттерінің бірі өркениет белгісі бойынша әлемнің поляризациясын болдырмау болып табылады. Біздің еліміз әртүрлі ұлттар мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі мен ынтымақтастығының сан ғасырлық дәстүрлеріне ие. Біз діндарларды қудалауды, олардың сезімдерін қорлауды, діни себептер бойынша кез келген кемсітушілікті табанды түрде айыптаймыз.

Мұндай ынтымақтастықты дамыту үшін неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер БҰҰ шеңберінде оның әмбебап сипатын, мемлекеттер өкілдерінің, азаматтық қоғам өкілдерінің, дін, мәдениет қайраткерлерінің, БАҚ-тың кең өзара іс-қимылы арқылы

өркениетаралық диалогты ілгерілету мен үйлестіру мүмкіндіктерін ескере отырып ұсынылатынын негізге аламыз. БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясы-осының айқын дәлелі.

Қазақстан діни және мәдениетаралық, сондай-ақ діндер диалогы мәселелерін БҰҰ Бас Ассамблеясының шеңберінде және Өркениеттер Альянсы алаңында талқылауды толығымен қолдайды.

Қазақстан осы ұйымды құрастырушылардың қатарында болғанын мақтан тұтады. Соңғы 16 жылдағыдай, біз Өркениеттер альянсының БҰҰ Бас Ассамблеясының Альянс алдына қойған биік мақсаттарға жетуіне бағытталған қызметін қолдаймыз.

Осыған байланысты біз Альянс өкілдерін, сондай-ақ БҰҰ-ның басқа мекемелерін 2022 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезін дайындауға кеңінен тартуды маңызды деп санаймыз.

Сыртқы істер министрлігі БҰҰ шеңберінде ТДМ-мен тығыз ынтымақтастықта болады. Сонымен қатар БҰҰ органдарының қызметінде қазақстандық үкіметтік емес ойыншылардың кең өкілдіктерін іздейміз.

Қазақстан қақтығыстардың алдын алудың және бейбітшілік пен даму үшін халықаралық ынтымақтастықты орнатудың маңызды құралы ретінде бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруға берік дайын.

Конференция қатысушыларына табысты жұмыс тілеймін.

Назарларыңызға рахмет!



Біріккен Ұлттар Ұйымы  
Бас Хатшысының Орынбасары  
**Фабрицио Хохшильд-Драммонд**

БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Штаб-пәтерінен жылы лебіз!

Менің атым Фабрицио Хохшильд және мен бірегей Біріккен Ұлттар Ұйымының 75 жылдығына арналған бастаманы басқару бойынша Бас Хатшының арнайы кеңесшісімін.

Мен бүгін сіздермен бірге болғанымға қуаныштымын. Осы жылдың басында мен Қазақстанға бару мәртебесіне ие болдым және сіздердің тамаша елдеріңізде өткізген күндердің жылы естеліктерім жадымда әлі жаңғырып тұр.

75 жылдық мереке тарихтың ерекше кезеңінде атап өтілмек. Бұл пандемия - бүкіл әлемді үлкен тоқырау жағдайында тізе бүктірген кішкентай микробтық бактерия. Және бұл микроб біздің қаншалықты өзара байланыстылығымызды әрі бір-бірімізге қаншылықты тәуелді екенімізді есімізге салды. Ол сонымен қатар көптеген түйткілдерді, атап айтқанда жаһандық теңсіздікті асқындырып, алдыңғы қатарға шығарды. Пандемия жұрттың барлығына бірдей дәрежеде әсер етпеді, әлемнің көптеген бөліктерінде шеттетілген немесе кемсітуге ұшыраған жұртшылық қатыгездене. Сандық технологияға қол жеткізе алмай, сондықтан балаларының білімін жалғастыруға немесе өздерінің жұмысын жалғастыруға мүмкіндігі жоқ адамдар қатты күйзеліске ұшырауда. Бұл пандемия әлемді жақындастырады деп ешкім де ойлаған жоқ.

Сондай-ақ біз мұның өзі алпауыт мемлекеттер арасындағы бәсекелестік пен сөз жүзіндегі тайталасты қаншалық күшейткенін көрдік. Пандемия әлем алдында тұрған жаһандық сын қатерлердің ауыртпалығын еселей түсті. Мен климаттың өзгеруі және біз соңғы 50 жыл ішінде қоршаған ортаға келтірген зиянкестікті меңзеп отырмын. Ғаламдық қатерлер артқан жағдайда және жаһандық ынтымақтастыққа деген көз қарасты негізге ала отырып, Бас Хатшы өткен жылдың өзінде-ақ 75 жылдықты тойлаудың бірегей әдісін таңдады. Ол әлемдегі адамдардан, әсіресе сіздер сияқты жастардан 25 жылдан кейінгі ғалам басымдықтарын естуге және олардан өз басымдықтарын жүзеге асыруларына төнетін ең үлкен қауіптің не екенін білуге, сондай-ақ олардың халықаралық ынтымақтастықтан қандай үміт күтетінін тыңдауға ұмтылды.

Бүкіл әлемдегі адамдарды тындай отырып, мен сондай-ақ COVID-тен соң оңалуға басымдық беремін. Біз халықаралық ынтымақтастықты жандандыру үшін шабыт пен жаңа күш табамыз деп үміттенеміз. Біз 80-нен астам елде БҰҰ-ның 75 сұхбатын өткіздік. Біз барлық 193 мүше мемлекеттердегі миллионнан астам адамға сұрау салып, тәуелсіз сауалнама жүргіздік. Адамдардың болашаққа деген үміті мен қорқынышы, COVID-тен кейінгі қалпына келудің басымдықтары мен олардың халықаралық ынтымақтастықтан не тосатындары туралы жауаптарын талдадық. Бұл әлем адамдарының үміттері мен қорқыныштары оларды біріктіретіндігін, әсіресе халықаралық ынтымақтастықтан күтетіндері оларды ұмытады деп таптық.

Адамдар қолжетімді денсаулық сақтау, сапалы білім және заманауи санитария сияқты негізгі қызметтерді көргісі келеді.

Адамдар ең көп зардап шеккен қауымдастықтармен және ең көп зардап шеккен елдермен арадағы ауызбірлікті көргісі келеді. Адамдар кейбіреулерді байлықтың астында қалдырмайтын, өзгелерді шаң қаптырмайтын экономиканы көргісі келеді.

Біз ондаған жылдар бойы климатымызға және қоршаған ортамызға зиян тигізіп келдік, сондықтан олар анағұрлым инклюзивті экономиканы көргісі келеді. Адамдар халықаралық ынтымақтастыққа үлкен үміт артады. Адамдар оның қайта өркендеуін көргісі келеді, бірақ сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтың неғұрлым жақсы, инклюзивті әрі тиімді болуын қалайды.

Осылайша біз бұл бағытта біз көп нәрсе жасауымыз керек және халықаралық ынтымақтастықты қалай жаңартуға болатындығы туралы Бас Хатшы қосылатын нақты ұсыныстарға бет алуымыз қажет. Сіздер бізге керексіздер, сіздердің дауыстарыңыз өзгеріс енгізуді жалғастыру барысында өз үлесін қосу үшін қажет. Сондықтан, біздің бастамамызға қосылып, бізге көмектесіңіздер. Біріккен Ұлттар Ұйымы - Сіздерсіздер.

Біріккен Ұлттар Ұйымы сіздерге бөтен емес, сіздер оның бір бөлшегісіздер, сондықтан да біз ойлайтын өзгерістерге үн қатыңыздар, мен бұған қатты алаңдайтынымды сөзімді тәмамдай отырып айта кеткім келеді.

Біздің 75 жылдық мерейтойымызды атап өту барысында сіздер қазақ жерінің ең танымал тұлғаларының бірі Әл-Фарабидің 1150 жылдығын ұлықтап жатырсыздар, мұның өзі біздің 75 жылымызды салыстырмалы түрде қарапайым қылып көрсетеді. Алайда, ол туралы көбірек оқып, таң-тамаша қалған мен егер ол қазіргі кезде өмір сүрсе, Біріккен Ұлттар Ұйымында жұмыс жасар еді, болмаса, бізді басқарушы тұлға болар еді деп ойлағым келеді. Бұл әлемдер арасындағы көпір сынды, ғылым мен фактілер негізінде жұмыс істеген алғашқы ғалымдардың бірі және әлемнің бір бөлігінен екінші бөлігіне ой тәржімалаған адам болатын. Ол ежелгі грек философтарының көне даналығын алып, мұсылман әлеміне әкелді. Бұл дәл бүгін бізге қажет нәрсе. Олар көпір салушылар. Қазақстанда «көпір салудың» айрықша тарихы

бар және қазір бұл бізге ең қажет нәрсе.

Қарсылық пен тайталас көп, бірақ сіздердің, сіздердің балаларыңыздың және бізден кейінгілердің әлемдегі болашағы жақсы болуын қамтамасыз ету үшін біз бірлікке бастайтын өз жолымызды табуымыз қажет.



Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Хатшысының  
орынбасары  
Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер  
Альянсы Жоғарғы Өкілі  
**Мигель Анхель Морратинос**

Аса мәртебелі қонақтар!  
Ханымдар мен мырзалар!  
Қадірменді достарым!

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ерекше шараға қатысу мен үшін ерекше құрмет.

Сіздердің оқу ордаларыңыз өркениеттер көпірі болған қайталанбас философ атымен кездейсоқ аталмаған.

Әл-Фараби университеті жаһандық азамат туралы әлемдік игі көзқарастарды қолдап, осынау ғұлама гуманисттің мұрасына ие болып келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер Альянсы, сіздің құрметті университетпен серіктестік аясында жалпы адамзаттық құндылықтарды бірге дамытып келе жатқанына мақтанады.

Әл-Фараби адам кемелдігіне таңырқаған. Адам Ғаламның өзегі саналады, және тек саналы адам ғана бақытты түйсіне алады.

Оның ықпалы мен ілімі көптеген кем-кетіктің орнын басты әрі өркениеттер арасындағы түсініспеушілікті жойды.

Өзі өмірден озып, орта ғасырлар дәуірі өтсе де, әл-Фарабидің ілімі бүкіл мұсылман әлеміндегі Араб жетекшілерінің ақыл-ойына, өмірдің мәні мен адамзаттың болашағы туралы ойларына әсер етті.

Осылайша, оның ілімдері мен ықпалы бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан өркениеттер арасындағы шынайы философиялық жақындасу мен өзара түсіністікке ықпал етуде.

Біз ғасырлар бойы оның еңбектері адамның сенімі мен нәсілін талғамайтын сүйіспеншіліктің, төзімділіктің, басқаларға деген түсіністік пен құрметтің ең құнды гуманистік қасиеттерін бейнелегенін ұмытпауымыз керек.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне қауіп әкеледі». Философ әл-Фарабидің осы сөзі әлемдегі Жаһандық Азаматтық білім беру бағдарламаларының негізі болатын мәнге ие.

Біз әлі күнге дейін өз заманының ұлы ойшылымен шабыттанамыз, әсіресе әлем пандемияның шырмауында қалған сәтте оның ықпалды тұлғасына арқа сүйейміз.

COVID19 білім беруде бұрын-соңды болмаған теңдессіз кедергілерге әкелді: мектептердің жабылуы бүкіл әлем бойынша 1,2 миллиард оқушы мен жастарға әсер етті. Бұл көрсеткіш әлемдік студенттер санының 60 пайызын құрайды.

Осынау пандемия жағдайында Жаһандық Азаматтық рух аясында Білім берудің өзектілігі арта түсті. Өйткені біз осал қауымдастыққа көрсетіліп жатқан стигма, поляризация, расизм және жеккөрушілік тілінің айқын белгілерін байқап отырмыз.

Дәстүрлі білім маңызды болып қала береді, өйткені ол сауаттылықты арттыруға және білім мен дағдыларды бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беруді жеңілдетуге бағытталған.

Жалпыға ортақ құндылықтар мен әртүрлілікті құрметтеуге тәрбиелейтін Жаһандық Азаматтық білім беру сынды трансформациялық білімге деген қажеттілік артып келеді.

БҰҰ Өркениеттер Альянсы жаһандық білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылады, себебі білім мен жастар – біздің бағдарламамыздың төрт тірегінің екеуі.

БҰҰ Өркениеттер Альянсы үшін білім болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, мен ұлы ислам ойшылы әл-Фарабиді және оның даналығы мен біліміне құрмет көрсету үшін бүгін жиналған барлық серіктестерге алғыс білдіремін.

Құрметпен, Нью-Йорктен.



Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасының жетекшісі  
**Раму Дамодаран**

Сіздерді тағы да көргеніме қуаныштымын, сәлеметсіздер ме!

Әл-Фарабидің 1150 жылдығынан бастап бүгінгі атап отырған тұрақты даму халықаралық онжылдығы аясындағы кездесуге дейін тоғысқан мерейтойлар үшін рахмет! БҰҰ-ның әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен ынтымақтастығын біз мақтан тұтамыз. Бұл ынтымақтастық ректор, проректорлар және басқа да көптеген жеке профессорлар тарапынан қолдау тауып келеді.

Біз бұл ынтымақтастықтың басты бағыты – тұрақтылық болғанына қуаныштымыз, өйткені бүгінгі конференция тақырыбы ретінде " Бейбіт өмірге арналған сана " – тұрақтылықты таңдап отырсыздар.

Әл-Фараби көптеген қасиеттер иесі еді , ол ойшыл, философ, музыкант және физик болды. Физик ретінде вакуумды, оның табиғатын зерттеді. Вакууммен қалай күресуге болады?

Менің ойымша, бұл іс бізді БҰҰ құрылуы қарсаңындағы 75 жыл бұрынғы уақытқа оралтты, себебі ол кездегі әлемдік қоғамдастықта вакуум болды. Әл-Фараби

атап өткендей «сүйіспеншілікке негізделген мемлекет әділеттілікпен жалғасуы тиіс». Сол себепті БҰҰ құру туралы сөз қозғалды. Оны құру негізінде адамдардың бір-біріне деген және біріккен әлемге деген сүйіспеншілігі болды. Дегенмен, БҰҰ өсе келе императив сүйіспеншілік шегінен шығып, әл-Фараби айтқандай, әділеттілікке ұмтылды, бұл – тұрақтылық.

Сондай-ақ, мен өздеріңізбен БҰҰ үшін жағымсыз мәселе туралы ой бөліскім келеді. Көптеген идеялар мол ақыл-ойдан пайда болғанымен, оның барлығы дерлік жүзеге асырыла бермейді. Бұл әлде оқиғалардың бізді билеуі себебінен, не болмаса біздің ресурстардың жеткіліксіздігінен болады. Қалай десек те, мен мол ақыл-ойлар идеялардың қайнар көзі боларына сенемін.

Қазақстанның өзінен бірнеше мысалдар келтіруге рұқсат етіңіздер.

Биылғы жылы Бас Ассамблеяда бейнеконференция режимінде сөйлеген сөзінде Жоғары Мәртебелі Президент Тоқаев мырза шын мәнінде бірқатар жоғары интеллектуалды және парасатты ұсыныстар жасады. Ол қазіргі өзіміз тап болған пандемия туралы сөз қозғап, биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру қажеттігін айтты. Бұл бейбіт өмірге арналған сана. Ол Қазақстандағы ұлттық еріктілер жылы туралы айта келіп, даму үшін Еріктілердің халықаралық жылын құру қажеттігіне тоқталды. Бұл бейбіт өмірге арналған сана. Ол Қазақстан ұйымдастырған азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымы туралы айта келіп, біз тіпті келесі жылы азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі дүниежүзілік саммитке дайындалғанның өзінде бұл қадам азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық ұйымның ізашары болуы қажеттігін айтты. Бұл бейбіт өмірге арналған сана.

Міне, бейбіт өмірге арналған сана дегеніміз нені білдіреді. Сондай-ақ, ол Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі конференция туралы айтты және оны жаһандық, әмбебап мәселенің моделі ретінде қарастырды. Міне, бейбіт өмірге арналған сана дегеніміз нені білдіреді. Сіздер бұны ұлы елдің президенті деңгейінен қазір өздеріңіз жүрген әрі мен бару бақытына ие болған жанданған кампусқа аударыңыздар. Мен қазір Сауле Торокул атты жас қыз туралы айтқым келеді. Сауле Торокул Covid-19-дың таралуын бақылау қосымшасын әзірлеген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті. Бұл қосымша әр адамға қазақ, орыс және өзге тілдерде Covid-19 жұқтырудың потенциалды тәуекелін бақылауға мүмкіндік береді. Міне, бейбіт өмірге арналған сана нені білдіреді.

Профессор F. Мұтанов ғылымның көптеген көрнекті салаларында жетістікке жетті, алайда ол тәуекелді басқару саласында озат болуымен ерекшеленді. Бүгінде біз оған бұрынғыдан да өте мұқтажбыз. Себебі біз бетпе-бет келіп отырған түр, планета сияқты тәуекелдер Біріккен Ұлттар Ұйымы негізделген, оның Уставында, адамзат тұлғасының қадір-қасиеті мен еңбегі мадақталатын игі бағытты көздейді. Егер бұл қадір-қасиетке қауіп төнсе, егер бұл жұмысқа қауіп төнсе, вирус жаулап алғанға дейін біз түр ретінде қатерге ұшыраймыз. Міне, сондықтан бізге ақыл-ой керек, міне, не үшін бізге бейбітшілік қажет, сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты мекемелерге, ерлер мен әйелдердің әл-Фарабиге ұқсаған ақыл-ойына риза. Олар бізге болашақтың мүмкіндігін көрсетті. Рахмет!





Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және  
Тәжікстандағы ЮНЕСКО Кластерлік  
Бюросының директоры  
**Криста Пиккат**

Бүгінгі отырысқа ЮНЕСКО атынан қатысу мен үшін үлкен мәртебе.

ЮНЕСКО Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым, мәдениет, байланыс және ақпарат саласындағы мамандандырылған мекемесі бола отырып, 75 жылдығын атап жатқан Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің бөлігі болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, мерейтойлық мерекелер аясында ұсынылған UN75 бастамасы бүгінгі көптеген қиындықтарға қарамастан, жақсы әлемді қалай құруға болатындығы жайлы диалог пен іс-әрекетке көмектесуге бағытталған. Бұл диалогта жастарға және әлемдік аренада дауыстары еленбейтін адамдарға ерекше назар аударылады. Сондықтан, бүгінгі кездесу осы диалогқа, бейбіт және тұрақты болашақты қалай құруға идеяларына ықпал ететіні күмәнсіз.

ЮНЕСКО Ұлы ғалым және философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығын (870-950) атап өтуге өз үлесін қосқанына қуанышты. Бұл мереке ЮНЕСКО-ның 2020-2021 жылдарындағы мерейтойлар тізіміне қосылып, Қазақстан және Иран Ислам Республикасымен бірлесе, Ирак, Ресей Федерациясы және Түркияның қолдауымен тойланып жатыр.

Әл-Фарабидің еңбектері ЮНЕСКО-ның "Build peace in the minds of men and women" мандатында көрініс тауып, әл-Фараби адамның ақыл-ойы мінсіз қоғам құру үшін білім беру арқылы ең үлкен әлеуетке ие екеніне негізделеді. Көрнекті ойшыл және философ білім беруді маңызды әлеуметтік құбылыс деп санап, оны "жеке адамның қоғам мүшесі болуына көмектесетін құндылықтар, білім мен практикалық дағдыларды игеруі" деп түсіндірді.

Тұрақты даму адамдарға әділ және бейбіт қоғамда өмір сүру үшін қажет принциптерге, дағдыларға және құзыреттерге негізделген.

Жаһандық азаматтық білім беру – ЮНЕСКО-ның негізі, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге, соның ішінде бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін адам құқықтарының бұзылуына, теңсіздік пен кедейлікке жауабы. Ол барлық жастағы оқушыларға осы проблемалардың жаһандық сипатын түсінуге және бейбіт, төзімді, инклюзивті, қауіпсіз және тұрақты қоғам құрудың белсенді жақтаушылары болуға көмектеседі.

Жаһандық азаматтық білім беру – ЮНЕСКО-ның білім беру бағдарламасының стратегиялық бағыты, ол бейбітшілік пен адам құқықтары саласындағы білім беру саласына негізделген. Ол студенттерге жасампаздық, жаңашылдық, бейбітшілік, адам құқықтары мен тұрақты дамуға деген адалдық сынды жауапты жаһандық азаматтықты қамтамасыз ететін құндылық, көзқарас және мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған.

ЮНЕСКО-ның осы саладағы қызметі оның Конституциясына, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясына, 2030 жылға кезеңге дейінгі білім беру саласындағы күн тәртібіне және негіздемелік бағдарламасына, атап айтқанда, тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің 4.7-міндетіне негізделеді.

Әл-Фарабидің айтуынша, "адамгершіліксіз білім адамзатқа қауіп төндіреді", бұл

да жаһандық азаматтық білім берудің негізгі түйіні болып табылады. Сондықтан, білім беру жүйесі, оның ішінде барлық оқу орындары мен университеттер, болашақ көшбасшыларды даярлайтын орта ғана емес, XXI-ғасырға қажетті дағдыларды, яғни, тұрақты даму үшін маңызды әрекетке және шешім қабылдауға әзір қоғам мүшелерін гәрбиелеудің бірегей орталықтары болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақ ұлттық университетінің басшылығы шешуші мәнге ие.

БҰҰ-ның білім беру саласындағы мандатына ие және 4-Тұрақты даму мақсатының үйлестірушісі рөлін атқаратын мекеме ретінде, ЮНЕСКО білім беру саласындағы барлық мүдделі тараптарды әл-Фарабидің іліміне сәйкес оқушылар арасында жауапты жаһандық азаматтықты қолдайтын осы құндылықтарды, көзқарастарды және мінез-құлықты ескеруге шақырады!

Осы маңызды кездесудің ұйымдастырушыларына алғыс айтып, барлық қатысушыларға жемісті және мазмұнды пікір алмасуға тілектеспін.

Назарларыңызға рахмет.



Біріккен Ұлттар Ұйымының  
қоғамдық ақпарат департаментінің өкілі  
**Властимил Самек**

Сәлеметсіздер ме құрметті достар, қайырлы күн, кеш, таң!

Жоғары мәртебелі ректор мырза,

Жоғары мәртебелі Ержан Ашиқбаев

Құрметті әріптестер, достар және академиялық қоғамдастық өкілдері.

Мен үшін бүгін сіздермен бірге болу үлкен қуаныш пен құрмет. Менің ойымша, біздің осы онлайн-конференцияға қатысуымыз «Бейбітшілікке арналған сана» конференциясының командасына қолдауымызды көрсету болып табылады. Сонымен қатар, өз пікірлерін білдірген барлық қатысушыларға алғысымды айтамын. Олар ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің ойлары мен қазіргі әлемнің бейбіт және тұрақты дамуына қол жеткізу ниетіне қатысты ойларын қаншалықты дәл біріктірді.

Шынында да, біз тұрақты даму туралы сөз қозғаған кезде инклюзивтілік туралы және логикалық тұрғыдан ешкімнің назардан тыс немесе артта қалмауы жайында мәселе көтеруіміз өте маңызды. Бұл тұрғыда БҰҰ сияқты әмбебап халықаралық ұйым, әрине, өз мандатын жүзеге асырады және әлем пандемиядан өтіп жатқан сәтте 75 жылдығын атап өтуі, дәл осы ұйымның уәде етілген нәтижелерге қол жеткізетіндігінің дәлелі деп санаймыз.

Әрине, ондаған жылдар, ғасырлар бойы адамзат әрқашан алуан түрлі қиындықтармен, пандемиялармен және соғыстармен бетпе-бет тап болып отырды, алайда әрқашан адамның парасатты ақыл-ойы мен ынтымақтастық арқылы барлық қиындықтарды еңсеріп, жеңіп, алға жылжудың жолдарын тапты. Менің ойымша, бұл ежелгі дәуірден қалған мұра, әл-Фарабидің ғасырлар бойынан бізге жеткен ұлы ойлары, бүгінде өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл қазіргі әлем жаңа сын-тегеуріндермен бетпе-бет келіп отырғанын, сондай-ақ бізде осы шешімін таппағын тығырықтан шығудың тәсілдері бар екенін еске салуымыз керек сияқты. Біздің әлеміміз бейбіт және тұрақты түрде дамитынына кепілдік бере алатын адамдар бар

екенін естен шығармауымыз жөн.

Назарларыңыз үшін үлкен рахмет!



Түркиядағы UNAOC үйлестірушісі, MEDAR халықаралық орталығының негізін қалаушы  
**Доктор Бекір Қарлыға**

ЮНЕСКО-ның Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына байланысты 2020 жылды «Фараби жылы» деп жариялауы тек Қазақстан үшін ғана емес, әсіресе түрік және ислам елдері үшін өте маңызды.

Әбу Насыр әл-Фараби – адамзаттың ұлы ойшылдарының бірі ғана емес, сонымен бірге өркениеттер философиясының барлық қыр-сырын, мән-мазмұнын зерделеп, талдап-таразылап, ғылыми айналымға қосқан алғашқы тұлға. Ол сан ғасырлар бұрын сіз бен біздің интеллектуалды болмысымыздың, рухани келбетіміздің айнасы, сапалы іс-әрекеттеріміздің ең құндысы және мәңгілік ұстыны саналатын өркениет шындығын бүгінгі мағынасынан гөрі әлдеқайда прогрессивті түрде сипаттай білді.

Әбу Насыр әл-Фараби тікелей өркениет тақырыбына қатысты «Ізгі қала» (эль-Мединетуль-Фадыла), «Өркениетті саясат» (es-Siyasetü'l-Medeniyye) және «Өркениет тақырыптары» (Fusulü. 'l-Medeni) атты үш бірдей кітап жазып қалдырды.

Ол туып-өскен көне Отырар, Түкістан топырағы өз заманында мәдениеті мен ғылымы, әдебиеті мен өнері қарыштап дамыған, кең қанат жайған, даңқы мен дақпырты төрткүл дүниеге жайылған өркениет бассейнінің бірі болды. Бұл қасиетті мекен Үнді, Қытай және Орталық Азия өркениеттерінің тоғысқан, Ұлы Қытай қорғанынан басталып, Батыс Азиядан өтіп, ішкі бөліктеріне дейін жеткен ежелгі Ұлы Жібек жолының негізгі орталықтарының тізіміне кірді. Әбу Насыр әл-Фараби осы ортада ежелгі өркениет жайында алғашқы білім нәрін алып, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, толысқаннан кейін, әлемдегі бай кітапханалар қорына қол жеткізуге ұмтылды. Ислам өркениетінің жүрегі саналатын Бағдат шаһарына қоныстанып қалмай, Иран арқылы Мавера'н-Нехир, Хорасан жаққа қарай беттеді. Мұнда ұлы ойшыл Шамер, Вавилон, Еврей, Сурия және Келдани мәдениеттерімен танысып, сол кезде Сабий культі мен мәдениетінің отаны болған Оңтүстік-Шығыс Түркияның Шанлыурфа маңындағы Харран деген жерде өмір сүрді.

Әбу Насыр әл-Фараби – Ислам өркениетінің алтын ғасырының басында тұрған жалпы түрік халықтарына ортақ ұлы ғалым, «адамзаттың екінші ұстазы» ретінде мойындалған философ. Ол теологиядан метафизикаға, онтологиядан логикаға, этикалық философиядан саясат философиясына, физикаға, астрономияға, психологияға және музыкаға дейінгі аралықта көптеген еңбектер жазды. Оның ғылыми трактаттарындағы теориялар мен түйндемелер бүгінгі күні де өз актуалдылығын жойған емес.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «инклюзивті және кең өркениеттілік» тәсілі әлемдегі негізгі үш дін – Ислам, Христиан және Иудаизм өкілдерінің өмір сүру салтына күшті ықпал жасады. Сондай-ақ, оның ілімі Анадолы, Сирия, Африка, Византия және Батыс елдерінің дүниетанымына да әсер етіп, бүгінгі таңда өркениет туралы жалпыға ортақ түсінік қалыптасуына себепші болды.

Әлем халықтары өркениетті қоғам құруда ғалымның еңбектеріне әлі күнге дейін сүйеніп, айнымас темірқазық ретінде танып, басшылыққа алады. Осы себептен біз Әбу Насыр әл-Фарабиді Батыстың да, Шығыстың да, мұсылманның да, еврейдің де, христианның да ортақ ұстазы санап, классикалық және заманауи философиясының ізашары ретінде қабылдаймыз. Сонымен бірге, біз оны ислам философиясының негізін қалаушы, өркениет философиясының символдық тұлғасы және БҰҰ Өркениеттер Альянсының идеялық көсемі ретінде танимыз.



Кастилья-Ла Манча университетінің  
интернационалдандыру жөніндегі  
проректоры  
**Доктор Фатима Гуадамиллас**

Құрметті конференцияға қатысушылар!  
Құрметті қонақтар мен әріптестер!

Бүгін осы алаңды сіздермен бөлісу мен үшін үлкен мәртебе, осы тамаша мүмкіндік үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне үлкен ризашылығымды білдіргім келеді.

Кастилья-Ла-Манча университеті заманауи және қарқынды дамып келе жатқан ЖОО. Ол ынтымақтастық, тұрақтылық, тиімділік, ашықтық және теңдік сияқты құндылықтарды ілгерілетуге негізделген ғылыми даму және кәсіби дағдыларды беруге ұмтылады.

Біздің ұйымдарымыздың арасындағы қарым-қатынастар ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестіктен өзара сенімді достыққа әлде қашан өтіп кеткен болатын. Біз елдеріміз үшін бірегей құндылықтар үшін жұмыс істеп жатсақта, біз бір бағытқа бағдарланғанбыз.

Демек, болашақ көшбасшыларды, белсенділерді және Әлем Азаматтарын тәрбиелейтін білім беру мекемелері ретінде саяси, экономикалық және әлеуметтік салалар арасындағы келісімдерді жүзеге асыру және ұзақ мерзімді көзқарас пен тұрақтылықты алға жылжыту арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес Жақсы әлем құруға деген адалдығымызды көрсету бәріміз үшін өте маңызды екенін дәлелдей аламыз.

Әсіресе, қазір COVID-19 пандемиясы Испанияға, Еуропаға және басқа да елдерге әсер еткенде, біз тұрақты даму мақсаттарының маңыздылығын түсіну үшін үрейлі дабыл екенін сездік. COVID-19 барлық деңгейде: ұлттық, аймақтық және жергілікті әкімшіліктерді, азаматтарымыз, компаниялар, университеттер, ғылыми орталықтар мен ұйымдарды уақыттың ауыр сынақтарына қарсы тұруға және ұлтымыздың әлауқатын қорғауға жұмылдырды.


Осы кездесуге қатысып, испан академиялық қоғамдастығының өкілі болу мен үшін үлкен мәртебе. Сонау 2005 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының 59-шы Бас Ассамблеясында Испания мен Түркия Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер Альянсын құрудың бастауында тұрды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының өркениеттер альянсы – экстремизммен күрес, Халықаралық, мәдениетаралық және дінаралық диалог пен ынтымақтастық құру,

батыс пен Ислам әлемі арасындағы шиеленісті жою сияқты қазіргі заманғы әлемнің сын-тегеуріндеріне қарсы белсенді қызметке бағытталған бастама.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамаларын толық қолдаймыз. Біз шындығында да, жоғары оқу орындары ретінде біз қазіргі заман қауіп-қатерлеріне бірінші болып жауап беруіміз керек деп есептейміз. Бүгінгі конференцияның қысқа, дегенмен мағынасы кең атауы айтып тұрғандай, қолымыздан келгенше біз бейбітшілікті сақтауға ұмтылып, бейбітшілікке ұмтылатын ақыл-ой ұрпағын өсіруіміз керек.

Назарларыңызға көп рахмет!



Каподистрия атындағы Афина Ұлттық университетінің профессоры,  
**Доктор Георгиос Стейрис**

Аса құрметті ректор мырза,  
Қадірлі профессорлар мен қонақтар,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығына бүгін мені спикер ретінде сөз сөйлеуге шақырғаны үшін алғысымды білдіргім келеді.

Әл-Фарабидің философия тарихындағы орны, оның шығармашылығы, Қазақстан, Ирак, Сирия және Египеттің тарихи аймақтарындағы шығармашылығы, Жерорта теңізі даласынан Қытай шекараларына дейінгі барлық ұлы өркениеттерді біріктірді.

Нәтижесінде біз оны Аристотельден кейінгі ең ұлы және беделді философ ретінде қабылдаймыз. Әл-Фарабидің тарихтағы маңыздылығымен қоса, оның қазіргі заманда өзектілігін жоғалтпаған идеяларын атап өткен жөн. Оның философиясы Платон мен Аристотельдің идеяларына аздап сүйенсе де, бұл олардың білімі мен көзқарастарын мүлдем басқа әлемді бейнелеудің тәсіліне айналдыруға көмектесті.

Мен осы бастаманы қолға алып, әл-Фараби мұрасын сондай-ақ Фарабитану ғылымын ілгері дамытуға өз үлестерін қосып отырған осы конференцияны ұйымдастырушыларына алғысымды білдіргім келеді. Әл-Фарабидің ең танымал, мейірімді қала идеясымен рухтанған туындысы "әл-Мәдина Ара Әл-Фадила", мұсылман ортада шығарылғанына қарамастан, бүкіл әлем бұл туралы білді. Мәдина – бұл Құраннан алынған сөз, жалпы алғанда, қала деп аударылады, ал, дәл осы тұрғыда, гүлденген қала деген мағына береді.

Әл-Фараби көне дәуірдегі саяси ой жайындағы күшті эмпирикалық тенденцияны кері шегеріп, полис-қала жайлы идеяны алға тартты. Өзіне дейінгі ежелгі гректер сияқты, ол да «қала» түсінігінен бөлінбейтін қайырымдылық туралы айтады.

Әл-Фарабиді грек дәстүрінен бөлектейтін басты ерекшелік – қаланы мемлекет, тұрғындар, аймақ ретінде түсінуі. Қала бұрыннан бар шындық, ал «үмбет» болса, бір сенімді бөлісетін адамдар тобы ретінде түсінілген жалпыға ортақ, тікелей саяси мағынасы жоқ термин, сонымен қатар саяси шындық болған емес.

Сондай-ақ, Әл-Фарабидің "Әл-Мадинасы" грек, рим және парсы саяси дәстүрлерін қаншалықты түсінгенін және Платонның ой-өресін ұғынғанын көрсетеді. Кейбір ғалымдар оның шығармашылығында Платонның саяси философиясындағы утопиялық элементтерінің орын алуын атап айтқанымен, қала утопия болумен қатар, ежелгі әлемдегі саяси шындық болғанын есте сақтауымыз керек. "Полис" ұғымы гректер арасында көп тараған болатын және де оның христиан, мұсылман дәстүрлеріндегі әсері өте маңызды болды.

Менің ойымша, Әл-Фараби саяси трактаттар жазған әл-Кинди сияқты бұрынғы мұсылман философтардан, әл-Бахи сияқты филологтардан саналы түрде оқшауланды. Себебі, ол Платонның философиясымен етене таныс болып, нәтижесінде неоплатонизмнің шегінен шығуға бел буған болатын. Платонның "Мемлекет"-імен таныс ол, "полис" деген ұлы тұжырымдаманы ұстанды. Ол басқа жолды таңдай да алмас еді.

Әл-Фараби Платон мен Аристотельдің адамзат өзін-өзі табиғаттан және басқа адамдардың дұшпандығынан ұйымдасқан қоғамнан тыс та қорғай алады деген тұжырымдарын ұстанды. Сонымен қатар, олар түпкі мақсаты кемелділікке отандастарының адамзат қоғамында болып жатқан өзара ынтымақтастыққа араласуынсыз қол жеткізе алмайды. Ең жоғары бақыт - грек философиясында сирек кездесетін термин, ал теориялық және практикалық жетілуге кішігірім саяси бірлестіктерде емес, қалада ғана қол жеткізуге болады.

Әл-Фарабидің пікірінше, көлеміне қарай үш саяси бірлестік бар: ірі – әлемнің елді мекендеріндегі барлық ұлттар мен бірлестіктер, орта - белгілі бір жер аумағында орналасқан халықтар, және кіші – қалалар, немесе қала-мемлекеттер. Ауылдар, аймақтар, аудандар және үй шаруашылықтары сияқты ең кішкентай қауымдастықтарды жетілмеген және жеткіліксіз деп санады. Осыған қарамастан, әл-Фараби адам бақыты үшін жағдай жасау тұрғысында қаладан үлкен саяси бірлестіктердің негізділігі мен пайдалылығын мойындайды.

Оның саяси философиясының негізі – қала. Кемелдік пен бақытқа тек қайырымды қалада қол жеткізуге болады, басым ұлт және керемет әмбебап мемлекет іс жүзінде қалалар одақтары болып табылады. Әл-Фараби мемлекеті утопиялық болып қала береді, ал ұлттық мемлекет оның өмір сүрген кезеңінің шындығы болған емес. Ол сүйенген грек дәстүрі оған қажетті теориялық және эмпирикалық негіз беріп, қаланың азаматтар мен мінсіз мемлекеттің жиынтығы ретінде маңыздылығы туралы түсініктерін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Әл-Фараби үлкен саяси бірлестікті, яғни «қоныстанған әлемді» айқындау үшін "Мамура" терминін саналы түрде қолданғанда, қаланың классикалық тұжырымдамасына жақындады. Бұл термин, ал әл-Фараби бұл терминді жаһандық доминионды немесе әмбебап ережелерді білдіретін терминнен ажыратып, әлемнің елді мекеніне берілген термин ретінде түсінеді. Бұл үндеу үлкен аумақтарды алап жатқан елді мекендер емес, қалалар, оларды мекендейтін адамдар мен азаматтарға болып табылады. Әл-Фараби теңіздер мен шөлдердің иесімін деп жар салатын патшалар мен императорлардың ынтасымен келіспейді. Әл-Фараби үшін қала – оның халқы және олардың ұйымдастырылуы.

Рақмет!



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры  
Академик Ғалымқайыр Мұтанов

Құрметті қонақтар және конференция қатысушылары!

Конференциямыздың тақырыбы «Бейбіт өмірге арналған Сана».

Бүгінгі заман талаптары адамзаттың парасатты ой-сананы басшылыққа ала отырып, жаһандық келіспеушіліктерді еңсеру, коронавирустық инфекцияның салдарын жою, шешімін таппаған саяси шиеленістер мен басқа да қауіп-қатерлерді болдырмай, әлемнің бейбітшілік үшін бірігуін қажат етеді.

Осындай күрделі жағдайда, ұлы ойшыл ғалым, адамзаттың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің сөздері ерекше өзектілікке ие болатындай: "Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған жағдайда ғана, әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болады. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ".

Бұл ойдың өзектілігін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің: «Қазіргі жағдайда біз жаһандық институттар аясында бірігеміз, немесе алауыздық пен бейберекетсіздіктен зардап шегеміз» деген әл-Фараби ойымен үндес сөздері растайды.

Осылайша, адамзаттың болашағы – қоғамның гуманистік қайта бағдарлануының жасампаз сана негізінде жүзеге асуына байланысты. Әл-Фарабидің бұл идеясы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Адамды ақылды жануар ретінде анықтай отырып, Әл-Фараби, шын мәнінде ақылдың жасампаз рөліне сенім артқан болатын. Ақылдың күші әлемді жақсы жаққа өзгертіп, моральдық және жасампаздық бағдарларды қалпына келтіре алады. Ақыл – әлемдегі жақсылықты женудің қуатты құралы. Осыған орай, парасатты азаматтарды қалыптастыру әл-Фараби үшін аса маңызды іс болатын.

Сондықтан, қазіргі таңда университеттердің қоғамдағы рөлі артып келеді, себебі адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатын ақылды азаматтарды қалыптастыру міндеті дәл соларға жүктелген.

Университеттік орта – білім мен руханияттың бірігуіне негізінделген, жаһандық азаматтық рухында жастарды тәрбиелеу міндеттерін іске асыруға қабілетті ерекше стратегиялық мәдениаралық әлеуетке ие. Қазіргі заманғы университеттердің жалпыадамзаттық құндылықтарды сіндіруге негізделген ұлттық идеядан да жоғарығы рөлі – бірлескен іс-қимылдарды тиімді құрастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар, қоғам болашағында шешуші рөл атқарады деп санаймыз. Ұлттық және діни көзқарастарымызға қарамастан, бәріміз бірге, жанжал мен араздықтан, бейбітшілікке жету үшін күш біріктіре аламыз.

Ұзақ уақыт бойы біз университеттер қызметінің қарқынды даму эволюциясын

байқап келеміз: Университет 1.0. моделі – тек білім беру, Университет 2.0. – білім беру және зерттеу, университет 3.0. – білім беру, зерттеу және білімнің коммерцияландырылуына негіздеген болатын.

Бүгінде біз жаңа тренд – Университет 4.0 моделі туралы айтып отырмыз, бұл қазіргі заманғы университеттер үшін сұранысқа ие және болашағы орасан даму моделі. Бұл модельдің басты қызметі мен миссиясы тек қана білікті мамандарды дайындау ғана емес, сонымен қатар адамзаттың болашағы үшін жауапты, жоғары адамгершілік-этикалық және азаматтық ұстанымы бар Әлем Азаматтарын қалыптастыру болып табылады.

Шындығына келгенде, әлемдік саясаттың бас қайраткерлерінің барлығының дерлік университет дипломдары бар. Бұл маңызды жағдай, оны елемеуге болмайды, өйткені адамзаттың болашағы осы адамдардың зияткерлік және адамгершілік деңгейіне, парасаттылығына байланысты. Сондықтан университеттер білікті мамандар ғана емес, сондай-ақ ізгілікті және тұрақты әлемнің болашақ жасампаздарын қалыптастырудың өзегіне айналуы тиіс.

Осыған байланысты БҰҰ-ның "Әлем Азаматтары" тұжырымдамасына сәйкес әлем тұрғындарының бейбіт, өркендеп өмір сүруін көздейтін білім мен ғылымды дамытудың кейінгі деңгейіне қол жеткізу үшін университеттерді біріктіру жөніндегі жоспарды әзірлеу туралы мәселе өте маңызды деп ойлаймын.